



"Tumar Cuprum Gold" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2026 жылғы 15 мамырдағы № 147 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17- бабының 5- 1) тармақшасына, 69, 71-1- баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31- бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Қарқаралы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Tumar Cuprum Gold" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін 2027 жылғы 09 шілдеге дейінгі мерзімге жер учаскелерін алып қоймай, Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының жерлерінде орналасқан жалпы ауданы – 903,0545 гектар жер учаскелеріне қаумдық сервитут белгіленсін.

2. "Tumar Cuprum Gold" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға шығындарды толық көлемде өтеуді қамтамасыз етсін, залалдардың мөлшері мен оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімдері бойынша белгіленсін.

3. Барлау жұмыстарын жүргізу мерзімін, олардың нақты орнын, шығындарды өтеу және жердің нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттерді айқындау мақсатында уәкілетті органдармен пайдаланған жер учаскелерін жарамды күйде тапсыруға міндетті.

4. "Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі

Қарқаралы ауданының әкімінің м.а.

С.Мусин

Қарқаралы ауданының әкімдігінің

2026 жылғы "___" _____

№ _____ қаулысына

қосымша

"Tumar Cuprum Gold" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі (2021 жылғы 09 шілдедегі №1364-ЕЛ лицензиясы)

--	--	--	--	--

№	Орналасқан жері	Кадастырлық номері	Жалпы көлемі, га	қауымдық сервитут белгіленуге жататын учаскелердің бөліктерінің ауданы (лицензия шекарасында) га;
1	"Томар" ӘКК	09:133:034:087	26840,7379	903,0545
	Барлығы			903,0545

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК